

"Павлодартрактор" акционерлік қоғамын қаржылай сауықтандыру процедуралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 1739 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасында 1996 жылғы көктемгі егіс жұмыстары үшін тракторлардың шығарылуын қамтамасыз ету және "Павлодартрактор" акционерлік қоғамын қаржылай-экономикалық сауықтандыру жөніндегі бірінші кезектегі шараларды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес "Павлодартрактор" акционерлік қоғамы мен оның құрамына кіретін кәсіпорындар Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің қызмет көрсетуіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Павлодартрактор" акционерлік қоғамы мен оның құрамына кіретін кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакетін иелену, пайдалану және басқару құқықтарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берсін.

3. Төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға консультация беру жөніндегі республикалық орталық, мемлекеттік медетші банк және "Павлодартрактор" акционерлік қоғамы "Павлодартрактор" акционерлік қоғамын қаржылай-экономикалық сауықтыру және қайта ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 3 қарашадағы N 1446 қаулысына сәйкес құрылған, қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу жөніндегі мемлекеттік комиссия ұсынған бірінші кезектегі жоспардың негізінде қайта құру процедураларын (сауықтыру) жүргізудің жеке жоспарын әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі "Павлодартрактор" акционерлік қоғамын қалпына келтіру жөніндегі шаралардың қаржыландырылуын өзара келісілген кесте бойынша қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының директивті және басқа да бюджеттен бөлінген

кредиттерін өтеу жөніндегі ұсыныстарын енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ауыл

шаруашылығы министрлігі, "Кең дала" акционерлік қоғамы
"Павлодартрактор" акционерлік қоғамынан тракторларды лизинг
негізінде сатып алудың шарттарын әзірлесін.

7. Ақшалай қаражаттың пайдаланылуын бақылау Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік медетші банкіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары